

## Жосықсыз бәсеке туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 маусымдағы N 232 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 112-IV Заңымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2008.12.25 N 112-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

*Ескерту. Тақырыбы және мәтініндегі сөздер ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2000.12.15 N 125 Заңымен.*

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң жосықсыз бәсеке деп танылатын іс-әрекеттерді айқындайды, жосықсыз бәсекені болғызбаудың және оның зардаптарын жоюдың тетігін, сондай-ақ жосықсыз бәсеке іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті белгілейді.

#### **1-бап. Негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

беделін түсіру - бәсекелесіне деген сенімді жоюға, оның беделіне, оның тауарларының, жұмыстары мен көрсететін қызметтерінің беделіне нұқсан келтіруге, абыройын түсіруге бағытталып қасақана жасалған іс-әрекет;

бәсекелес (рынокта) қызмет көлемінің өзгеруі нарықтық қатынастардың басқа субъектісінің рыноктық үлесінің кемуіне немесе өсуіне әкеп соғатын нарықтық қатынастар субъектісі:

контрафактық өнім - нарықтық қатынастардың жекелеген субъектілерінің жосықсыз бәсеке және тұтынушыларды адасушылыққа салу мақсатында шығарған өнімі;

жосықсыз бәсеке - заңды тұлғаның және (немесе) жеке адамның, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бәсекені жою немесе шектеу арқылы кәсіпкерлік қызметте негізсіз артықшылықтар алуға бағытталған кез келген іс-әрекеті (әрекетсіздігі);

келісім - тараптардың бәсекені шектеуге немесе жоюға, кәсіпкерлік қызметте негізсіз артықшылықтар алуға бағытталған (тік, көлбеу немесе аралас) кез келген шарттық қатынасы;

нарықтық қатынастардың субъектісі - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет айналымына қатысушы болатын заңды немесе жеке тұлға;

монополияға қарсы орган - бәсекеге жәрдемдесу мен оны дамыту және жосықсыз бәсекенің алдын алу, шектеу және жолын кесу жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

*Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.12.15 N 125 , 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **2-бап. Жосықсыз бәсеке туралы заңдар**

1. Жосықсыз бәсеке туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің , осы Заңның нормаларынан және Қазақстан Республикасының соларға сәйкес шығарылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта жосықсыз бәсеке туралы заңдарда барынан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

Осы Заң Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының тауар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) рыноктарында еркін бәсекені шектейтін және жоятын шетелдік жеке және заңды тұлғаларға, азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

*Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000.12.15 N 125 Заңымен.*

## **4-бап. Бәсекені шектеуге немесе жоюға жол берілмеуі**

1. Басқа кәсіпкерлердің еркін бәсекеге құқықтарын бұзу арқылы бәсекені шектеуге немесе жоюға бағытталған, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын кез келген қызметке жол берілмейді.

2. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, нарықтық қатынастардың жекелеген субъектілерінің немесе олардың топтарының қызметі үшін қолайлы немесе кемсітетін жағдайлар жасауға, бәсекені жоюға немесе шектеуге, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін бұзуға бағытталған нормативтік құқықтық және өзге де актілер қабылдауына және (немесе) іс-әрекеттер жасауына тыйым салынады.

3. Нарықтық қатынастар субъектілеріне бәсекені жоюға немесе шектеуге, сондай-ақ ұқсас қызмет түрлерімен айналысатын нарықтық қатынастар субъектілерінің қызметіне кемсітушілік жағдайлар туғызуға бағытталған

іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

*Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.12.15 N 125 Заңымен.*

### **5-бап. Жосықсыз бәсеке түрлері**

Жосықсыз бәсеке түрлері мыналар:

1) кәсіпкердің фирмалық атауын, тауар таңбасын, қызмет көрсету белгісін және (немесе) өзге де коммерциялық белгілеуін тауар өндіруші (жұмыс орындаушы, қызмет көрсетуші) немесе оларды сатушы жөнінде тұтынушыларды жаңылыстыратын немесе жаңылыстыруы мүмкін заңсыз пайдалану;

2) бәсекелесі тауарының сыртқы безендірілуін, оның фирмалық атауын, тауарының таңбалануын, тауар таңбаларын, басқа да коммерциялық белгіленуін, сондай-ақ жарнамалық материалдарын, фирмалық буып-түйілуін, нысанын және тауардың өзге де сыртқы безендірілуін тауар өндіруші (жұмыс орындаушы, қызмет көрсетуші) жөнінде тұтынушыны жаңылыстыруы мүмкін етіп тікелей қайта жасау арқылы көшіріп алу;

3) тауарлар (жұмыс, көрсетілген қызмет) жөнінде, соның ішінде тауарлардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) шығу тегі, дайындаушысы, сатушысы, сондай-ақ сапасы, тұтыну қасиеттері, мақсаты, дайындалған әдісі мен жері туралы көрінеу жалған мәліметтер мен пікірлерді және бәсекелесінің тауарларына (жұмысына, көрсеткен қызметіне) кір келтіретін, оның абыройы мен беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтерді тарату;

4) бәсекелесі жоқ сатушының сатып алушыға өзінің сипаты немесе коммерциялық мақсаты бойынша шарт нысанасына жатпайтын қосымша сату жағдайларын тануы;

5) басқа бәсекелестің тауарларымен (жұмысымен, көрсететін қызметімен) немесе қызметімен әдепке жатпайтын салыстырмасы бар жарнама және өзге де ақпарат тарату;

6) жарнамалық ақпаратта тауарлардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) шын қасиеттері, сапасы және бағалары туралы мәліметтерді қасақана бұрмалау немесе

ж а с ы р у ;

7 ) а л ы п т а с т а л д ы

8) алып тасталды

9) ғылыми-техникалық, өндірістік ақпарат пен коммерциялық және қызметтік құпия болып табылатын өзге де ақпаратты оның иесінің келісімінсіз алу, пайдалану немесе жария ету;

9-1) демпингтік бағаларды пайдалану арқылы бәсекеде артықшылыққа қол жеткізу;

10) бәсекені жою және шектеу арқылы кәсіпкерлік қызметте негізсіз артықшылықтар алуға әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер).

*Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.12.15 N 125 , 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**5-1-бап. Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасының сақталуына тексеру жүргізу**

1. Нарық субъектілерінің, мемлекеттік органдардың (бұдан әрі - тексерілетін субъектілер) Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасын сақтауы монополияға қарсы орган жүргізетін тексерудің нысанасы болып табылады.

2. Монополияға қарсы орган жүзеге асыратын тексеру жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінуі мүмкін.

Жоспарлы тексерулер тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасын сақтауына байланысты мәселелердің барлық кешенін қамтиды және жылына бір реттен жиі жүргізілмейді.

Жоспарлы тексерулер тексерілетін субъектінің орналасқан жері бойынша немесе оның құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жері бойынша жүргізілуі мүмкін.

Монополияға қарсы органның басшысы жыл сайын бекітетін органның жұмыс жоспары жоспарлы тексеру жүргізуге негіз болып табылады. Жоспарда тексеру жүргізілуі мүмкін субъектілердің тізбесі және тексеру жүргізілетін кезең қамтылуға тиіс.

Жоспардан тыс тексеру - монополияға қарсы органның жоспарында көзделмеген тексеру және Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасының бұзылуы туралы монополияға қарсы органға келіп түскен не жеке анықталған ақпаратты растау үшін жүргізіледі.

3. Жоспардан тыс тексеру жүргізуге мыналар негіз болып табылады: жеке және заңды тұлғалардың жосықсыз бәсекенің нәтижесінде өздерінің құқықтары бұзылғандығы туралы арызы;

Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасының бұзылуы туралы басқа да мемлекеттік органдардан келіп түскен материалдар; монополияға қарсы органның тауар нарығын талдау, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары және өзге де мәліметтер негізіндегі жеке бастамасы;

монополияға қарсы органның Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасының бұзылуы мәселелері бойынша зерттеу жүргізуінің нәтижесі.

4. Тексеру жүргізу үшін монополияға қарсы орган монополияға қарсы органның басшысы қол қойған, мөрмен куәландырған және Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық есептілікті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын уәкілетті органда тіркелген қатаң есептілік бланкісіндегі нұсқаманы қабылдап, тексеруді тағайындау туралы бұйрық шығарады және тексеру жүргізу жоспарын бекітеді.

Тексеру жүргізу туралы нұсқама екі данада жасалып, олар тіркеу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық есептілікті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын уәкілетті органға табыс етіледі. Тіркеу туралы белгісі бар бір данасы істің материалдарына тіркеледі.

Нұсқаманың құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық есептілікті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын уәкілетті органда тіркелгені туралы белгісі бар көшірмесі, сондай-ақ тексеру жоспары тексеру жүргізілетін күні тексерілетін субъектінің басшысына тапсырылады.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық есептілікті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын уәкілетті органда тіркелгені туралы белгісі жоқ тексерілетін субъектіге тапсырылатын тексеру жүргізілгені туралы нұсқаманың көшірмесі жарамсыз болып табылады.

Тексеру тағайындау туралы нұсқамада көрсетілген лауазымды адам (адамдар) ғана тексеру жүргізе алады.

Тексеру жүргізу үшін монополияға қарсы орган басшысының бұйрығымен жұмыс тобының құрылуы, оның құрамы бекітілуі, жұмыс тобының басшысы мен басшысының орынбасары белгіленуі мүмкін.

Тексерілетін субъект тексеру жүргізу туралы нұсқаманы қабылдаудан бас тартқан немесе тексеруді жүзеге асыратын монополияға қарсы органның лауазымды адамдарының тексеру жүргізу үшін қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірген жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға тексеруді жүзеге асыратын монополияға қарсы органның лауазымды адамы және тексерілетін субъектінің уәкілетті адамы қол қояды.

Тексерілетін субъектінің уәкілетті адамы бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін бере отырып, хаттамаға қол қоюдан бас тарта алады.

Тексеру жүргізу туралы нұсқаманы алудан бас тарту тексеруді болдырмауға негіз болып табылмайды.

5. Тексеру жүргізу жоспары:  
тексеру жүргізудің мерзімдерін;  
тексеру жүргізудің негізгі міндеттері мен мақсаттарын, оларды іске асырудың  
р ә с і м і н ;

тексеру барысында анықталуға тиісті мәселелердің тізбесі мен

м ә н - ж а й л а р д ы ң

а у қ ы м ы н ;

т е к с е р у жү р г і з у к е с т е с і н ;

тексерілетін субъектінің ерекшелігіне сәйкес өзге де ақпаратты қамтуға тиіс.

6. Тексеру жүргізудің мерзімі алда тұрған жұмыстардың ауқымы мен қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және ол тексеру жүргізу туралы нұсқаманы құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық есептілікті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын уәкілетті органда тіркеген кезден бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

Тексерілетін субъект қызметінің ерекшеліктеріне және тексеру жұмысының ауқымдылығына байланысты тексеру заңда белгіленген мерзімде аяқталмайтын жағдайларда, монополияға қарсы органның тексеру жүргізуге жауапты лауазымды адамы монополияға қарсы органның басшысына жасалған жұмыстың нәтижелері жазылған қызметтік жазбаны және тексеруді ұзарту қажеттігі туралы негіздемені ұсынады.

Монополияға қарсы органның басшысы тексеру жүргізудің мерзімін ұзарту туралы бұйрық шығаруға құқылы. Монополияға қарсы органның басшысы тексеру жүргізу туралы нұсқамаға және тексеру жоспарына тексеруді ұзарту туралы белгі қояды.

Тексеру жүргізу мерзімін ұзарту күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

Тексеру жүргізу мерзімін ұзарту туралы бұйрықтың көшірмесі тіркелген күні тексерілетін субъектінің басшысына тапсырылады.

Тексеру нәтижелері туралы анықтаманы тексерілетін субъектіге тапсырған күн тексеру жүргізудің мерзімі аяқталған күн деп есептеледі, бірақ ол тексеру жүргізу туралы нұсқамада көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірілмеуге тиіс.

7. Монополияға қарсы органның лауазымды адамының тексеру жүргізген кезде:

- 1) тексерілетін субъектінің аумағына және үй-жайына кедергісіз кіруге;
- 2) тексеру нысанына сәйкес тексерілетін субъектінің автоматтандырылған деректер базасына (ақпараттық жүйесіне) қол жеткізуге;
- 3) тексерілетін субъектінің басшыларынан, лауазымды адамдарынан және басқа да қызметкерлерінен тексеруге қатысты қажетті ақпаратты, құжаттар мен олардың көшірмелерін, тексеру барысында туындайтын мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде түсініктемелерді сұратуға және алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылықтарға куә адамдар болған жағдайда олардан ауызша және жазбаша түрде түсініктемелер алуға құқығы бар.

Тексерілетін субъектінің басшысы және лауазымды адамдары тексеру

жүргізуге жауапты монополияға қарсы органның лауазымды адамының ауызша сауалы бойынша ақпаратты, құжаттарды немесе олардың көшірмелерін беруден бас тартқан жағдайда, оған тиісінше жазбаша сауал табыс етіледі. Жазбаша сауалды тексерілетін субъектінің басшысына тапсыру мүмкін болмаған жағдайда, ол тексерілетін субъекті басшысының атына жеткізілгені туралы хабардар ететін тапсырыс хатпен почта байланысы арқылы жіберіледі.

Монополияға қарсы органға жүктелген функцияларды іске асыру үшін қажет коммерциялық құпия ақпарат беруден бас тарту үшін негіздеме бола алмайды.

8. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақпаратты басқа мемлекеттік органға беру жағдайларын қоспағанда, тексеру барысында монополияға қарсы орган алған тексерілетін субъект туралы кез келген ақпарат т а р а т ы л у ғ а ж а т п а й д ы .

Монополияға қарсы орган тексеру жүргізу үшін Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарының мамандарын, сондай-ақ ғалымдар мен с а р а п ш ы л а р т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Тексеруді жүзеге асыратын монополияға қарсы органның лауазымды адамдарына тексеру нысанасына қатысы жоқ талаптар қоюға және өтініштер жасауға тыйым салынады.

9. Тексеру жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасының бұзылғандығы анықталған жағдайда монополияға қарсы органның лауазымды адамы осы Заңға және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес тексерілетін субъектіге қатысты тиісті тексеру аяқталғанға дейін шаралар қолдануға құқылы.

10. Тексеру нәтижелері анықтамамен рәсімделеді, онда барлық тексерілетін мәселелер бойынша талдау, тұжырымдар мен ұсыныстар жазылуға тиіс және ол екі данада жасалып, оның біреуі тексерілетін субъектінің басшысына т а п с ы р ы л а д ы .

Тексеру нәтижелері тексерілген деректер мен фактілердің негізінде анықтамаға жазылады, олар тиісті құжаттармен расталады. Құжаттармен расталмаған тұжырымдарды, ұсыныстар мен деректерді анықтамаға енгізуге жол б е р і л м е й д і .

Тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының жосықсыз бәсеке туралы заңнамасы бұзылмаған жағдайда анықтамаға тиісінше жазба жасалады.

Тексеру нәтижелері бойынша ескертпелер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда тексерілетін субъектінің басшысы оларды жазбаша түрде жазып к ө р с е т е д і .

Ескертпелер және (немесе) қарсылықтар тексеру жүргізудің нәтижелері туралы анықтамаға қоса беріледі, ол туралы тиісінше белгі соғылады.

Тексерілетін субъектінің басшысы тексерудің нәтижелері туралы анықтамаға

қол қоюдан бас тартқан жағдайда, монополияға қарсы органның тексеру жүргізуге жауапты лауазымды адамы анықтамаға тиісті жазба жасайды.

Тексеру жүргізу аяқталғаннан кейін монополияға қарсы органның тексеру жүргізуге жауапты лауазымды адамы анықтаманың екінші данасын тексерілетін субъектінің басшысына тапсырады.

Анықтаманы тексерілетін субъектінің басшысына тапсыру мүмкін болмаған жағдайда, анықтама тексерілетін субъектінің басшының атына почта арқылы тапсырылғандығы хабарланатын тапсырыс хатпен жіберіледі.

11. Тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, тексерілетін субъекті монополияға қарсы органның әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

12. Монополияға қарсы органның лауазымды адамының тексеру жүргізу кезіндегі заңсыз әрекеті (әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

*Ескерту. 5-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **6-бап. Осы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік**

1. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік мынадай негіздер бойынша:

1) уәкілетті органның осы Заңның талаптарына сәйкес берілген нұсқамаларын орындаудан жалтарғаны үшін;

2) уәкілетті органға құжаттарды, анықтама материалдарды және басқа ақпаратты, сондай-ақ жазбаша түсініктемелерді бермегені немесе көрінеу қате немесе жалған мәліметтерді бергені үшін. Анықтама материалдарды және басқа ақпаратты беру мерзімін уәкілетті орган белгілейді және ол 15 күннен аспауға тиіс;

3) осы Заңның 5-бабында көзделген іс-әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасағаны үшін;

4) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары лауазымды адамдарының бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға жағдай жасайтын іс-әрекеттерді жасағаны үшін айыппұл түрінде туындайды.

2. Осы Заңды бұзған жағдайда нарықтық қатынастардың субъектілері, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды адамдары:

1) уәкілетті органның нұсқамаларына сәйкес жосықсыз бәсеке фактісі бойынша тәртіп бұзушылықты тоқтатуға, бәсекені жоюға немесе шектеуге



бағытталған келісімді (келісілген іс-әрекеттерді) бұзуға немесе өзгертуге және нұсқамада көзделген өзге де іс-әрекеттерді орындауға;

2) жосықсыз бәсеке салдарынан келтірілген залалды (зиянды) заңдарда белгіленген тәртіппен өтеуге;

3) жосықсыз бәсеке нәтижесінде алынған табысты және заң актілерінде белгіленген тәртіппен айыппұлды мемлекеттік бюджетке аударуға міндетті. Жосықсыз бәсеке нәтижесінде алынған табысты аудару мүмкін болмаған жағдайда, құқыққа қарсы іс-әрекет кезеңінде алынған, бірақ осындай іс-әрекеттер анықталған жыл алдындағы соңғы есептік жылдағыдан аспайтындай табыс мемлекеттік бюджетке алып қойылады.

*Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000.12.15 N 125 Заңымен.*

### **7-бап. Монополияға қарсы органның құзыреті**

#### **1. алып тасталды**

#### **2. Монополияға қарсы орган :**

1) белгілі бір тауар рыноктарындағы жосықсыз бәсеке туралы істерді Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қарауға және әкімшілік жазалар қолдану туралы шешімдер қабылдауға, кінәлі тұлғаларға бәсекені шектейтін немесе жоятын іс әрекеттерді тоқтату туралы орындалуы міндетті нұсқамалар жіберуге;

2) жосықсыз бәсекені тоқтату және оның салдарларын жою туралы, сондай-ақ жосықсыз бәсеке нәтижесінде алынған кірісті бюджетке аудару туралы рынок субъектілерінің орындауы міндетті шешімдер қабылдауға;

3) заңды және жеке тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, олардың лауазымды адамдарынан жосықсыз бәсеке фактілерін қарау үшін қажетті ақпарат, оның ішінде жазбаша және ауызша түсініктемелер сұратуға және алуға;

4) мемлекеттік органдарға бәсекені шектейтін немесе жоятын заңсыз актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

5) жосықсыз бәсекенің жолын кесу және оның салдарларын жою туралы, жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезеңінде алынған кірісті республикалық бюджетке алып қою туралы, жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезеңінде жеке кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға, сондай-ақ тұтынушыларға келтірілген залалды өндіріп алу туралы, өнімді контрафактілік деп тану туралы талап қойып, сотқа жүгінуге;

6) жосықсыз бәсеке фактілері жөніндегі қылмыстардың белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы материалдарды құқық қорғау органдарына жіберуге ;

7) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органынан қажетті ақпаратты сұратуға және оның ұсынылатын мерзімін белгілеуге құқылы.

3. Осы Заңды бұзушылықты жою туралы нарықтық қатынастар субъектілеріне, мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына енгізілген нұсқамалар, егер мұндай нұсқамаларға заң актілерінде белгіленген тәртіппен шағым берілмеген болса, орындау үшін міндетті болып т а б ы л а д ы .

*Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.12.15 N 125 , 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07. N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

*7-1-бап. Ескерту. 7-1-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **8-бап. Заңсыз алынған табысты алып қою және жосықсыз бәсеке келтірген зиянды өтеу**

1. Жосықсыз бәсеке салдарынан заңды немесе жеке тұлғаға, сондай-ақ тұтынушыларға келтірілген зиян заңдарда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс. Теріс пиғылды бәсеке салдарынан нарықтық қатынастар субъектісі алған кіріс сот шешімі бойынша мемлекеттік бюджетке алынып қойылуға тиіс.

2. Заңды бәсекені шектеуге немесе жоюға бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асырғандық үшін заң актілерінде белгіленген тәртіп пен мөлшерде айыппұл салынады.

### **9-бап. Уәкілетті органның шешімдеріне, нұсқамалары мен қаулыларына шағым беру тәртібі**

Заңды тұлға немесе жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалар уәкілетті органның шешімдерін, нұсқамалары мен қаулыларын толық немесе ішінара жарамсыз деп тану туралы немесе әкімшілік жаза қолдану жөніндегі шешімдерді өзгерту туралы сотқа жүгінуге құқылы.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*